


ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Әлеуметтену. 1-бөлім





Дәрістің мақсаты: әлеуметтенудің балаларды, жасөспірімдер мен ересектерді қалай қалыптастыратынын, құрылымдық функционализм мен конфликт теориясы өкілдерінің әлеуметтенудің жеке адамдарға және қоғамға әсерін қалай тұжырымдайтынын, өзін-өзі тану мен рөл ойнау, әлеуметтену мен өзін-өзі бағалауға қалай әсер ететінін қарастыру.

Негізгі терминдер: әлеуметтену, рөлдер, өзін-өзі бағалау, «Мен» тұжырымдамасы, рөлді қабылдау, маңызды тұлғалар, жалпыланған басқалар.

Әлеуметтену деген не?

Әлеуметтену – мәдениеттің ережелері мен құндылықтарын үйрену процесі. Біз іс-әрекеттеріміз бен көрген-түйгендеріміздің қаншасы биологиядан, ал қаншасы әлеуметтенудің әсерінен екенін тап басып айта алмаймыз.

Дегенмен тәрбиелеу мен әлеуметтендіру болмаса, адамдар (және маймылдар) қалыпты әлеуметтік мінез-құлықты дамыта алмайды.

Әлеуметтену жөніндегі теориялық көзқарастар

Құрылымдық функцияшылдар әлеуметтену мектептерде, діни мекемелерде, отбасыларда және басқа жерлерде жастарды келіспеушіліктерден немесе ретсіз әлеуметтік өзгерістерден сақтай отырып, бір мәдениетке біріктіреді деп тұжырымдайды. Бұл тұрақты әлеуметтік жүйенің пайдасын түсіндіру үшін өте қолайлы.

Конфликт теориясы әлеуметтендіру биліктің теңдіксіз үстем құрылымын қалай күшейтетініне назар аударады. Бұл әлеуметтенудің келіспеушіліктер мен әлеуметтік өзгерістерге жол бермей, теңсіздікті қайта тудырып отыратынын түсіну үшін өте маңызды.

Символдық интеракционизм теориясы басқалармен қарым-қатынасымызды сипаттау арқылы және өзгелердің бізге берген сипаттамасы арқылы өзіміз жайлы түсінік қалыптастыруымызға жол ашады. Бұл теориямен байланысы бар ең маңызды екі тұжырымдама – «өзіңді айнадан көру» және «рөлге ену» тұжырымдамалары.

Әлеуметтену – мәдениетке және қоғамға араласу үшін қажетті ережелерді, тәжірибелерді және құндылықтарды үйрену процесі.

Рөлдер – кез келген адамның белгілі бір әлеуметтік жағдайда көрсететін мінез-құлқы мен ойлау тәсілдері.

Өзін-өзі бағалау – адамның өзін-өзі жеке тұлға ретінде бағалауы.

«Мен» тұжырымдамасы – адамның өзгелердің көзқарастарына қарай өзін бағалауға үйрену тенденциясы.

Рөлді қабылдау – әлемді түсінуде өзгелердің қаншалықты маңызды екенін және біртіндеп өзгелердің пікірлерін қабылдауды үйрену процесі.

Маңызды тұлғалар – тығыз қарым-қатынаста болатын жеке тұлғалар.

Жалпыланған басқалар – өзара қарым-қатынаста болатын барлық адамдардың пайымдауларын біріктіреді.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Әлеуметтенуге қатысты теориялық көзқарастарға салыстырмалы шолу жасаңыз.
2. Әлеуметтену процесіндегі «Мен» тұжырымдамасы мен «жалпыланған басқаның» рөлін талқылаңыз.



Бақылау және талқылау сұрақтары

1. Біз өз іс-әрекеттеріміз бен сенімдеріміздің қаншасын үйрендік, қаншасы тегіміз арқылы берілген? Адамды тәрбиелеудің қажеттілігі қандай?
2. Ұстаздардың студенттерден қандай мінез-құлықты күтетіні туралы ойланыңыз. Отбасындағы әлеуметтену осы талаптарға сай келе ме? Сізге қалай көмектеседі немесе қиындығы бар ма? Қатарластарыңыздың әлеуметтенуі туралы не айтасыз?

Қосымша әдебиет және ақпарат көздері

1. Ритцер Дж., Степницки Дж., Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
2. Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С., Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.
3. Бергер П., Лукман Т., Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. – М.: «Медиум», 1995. – 323 с.